

**«ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРҒА АРНАЛҒАН ИНТЕРНЕТ-БАНКИНГ/«FORTEBUSINESS» ИНТЕРНЕТ-БАНКИНГІ/
«FORTEBUSINESS» ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРҒА АРНАЛҒАН МОБИЛЬДІ ИНТЕРНЕТ-БАНКИНГІ»
ЖҮЙЕСІН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ҚАШЫҚТАН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН
ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР**

Осы Жалпы талаптар «Заңды тұлғаларға арналған интернет банкинг/«ForteBusiness» интернет банкингі/ «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінгі» жүйесін пайдалану арқылы қашықтан қызмет көрсетуге қойылатын Жалпы талаптар (бұдан әрі – Жалпы талаптар) «ForteBank» АҚ (бұдан әрі – Банк) пен Клиент арасында Клиенттің банктік шоттарын жүргізуге, төлемдер және(немесе) аударымдарды іске асыруға, Жалпы талаптарда айтылған және Банктің Заңды тұлғаларға арналған интернет банкинг/«ForteBusiness» интернет банкингі/ «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінгі» жүйесін пайдалану арқылы шынайы уақыт тәртібінде қашықтан қызмет көрсету сервисі ұсынатын басқа да қызметтеріне байланысты туындайтын қарым-қатынасты реттейді. Талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасының, «ForteBank» АҚ-та Заңды тұлғаларға арналған интернет банкинг/«ForteBusiness» интернет банкингі/ «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінгі» жүйесі арқылы заңды тұлғаларға/жеке кәсіпкерлерге/ шаруа (фермерлік) қожалықтарына/ жеке нотариустарға/ жеке сот орындаушыларына/ адвокаттарға/кәсіби медиаторға арналған электронды банктік қызметтерді көрсету туралы Ереженің (бұдан әрі – ЭБҚ көрсету ережесі), Банктің басқа да ішкі құжаттарының негізінде құрастырылды.

Жалпы талаптар Банктің www.forte.kz интернет-сайтында жарияланды. Клиент Жалпы талаптарға Клиент ұсынатын, оның негізгі шарттары бар және Заңды тұлғаларға арналған интернет банкинг/«ForteBusiness» интернет банкингі/ «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінгі» жүйесін пайдалану арқылы клиенттердің банктік шоттары бойынша операциялар жүргізудің жалпы талаптарына қосылу туралы өтінішке/«ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған «Мобильді интернет-банкінгі» жүйесін пайдалану арқылы клиенттердің банктік шоттары бойынша операциялар жүргізудің жалпы талаптарына қосылу туралы өтінішке¹ қол қою арқылы қосыла алады, оның негізгі талаптарын қамтиды және бірлесіп бірыңғай қосылу шартын (бұдан әрі – Шарт) білдіреді.

Жалпы талаптар бойынша Клиент заңды тұлға мен оның оқшауландырылған бөлімшесі (филиал мен өкілдік), жеке кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор, шаруа қожалығы, фермерлік шаруашылық болып табылады.

Заңды тұлғаларға арналған интернет банкинг/«ForteBusiness» интернет банкингі/ «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінгі» жүйесінде тіркеле және авторизациялана отырып Клиент Банкке төмендегілерге өз келісімін береді:

- 1) осы тұлғаның дербес, биометрикалық және/немесе басқа да деректерін жинауға, өңдеуге және осы деректерді Кредиттік бюроға беруге;
- 2) ММБ-дан алынған ол туралы мәліметтерді Алушының алуына;
- 3) ол туралы ММБ-дан алған ақпаратты Алушының Кредиттік бюроға беруіне;
- 4) Кредиттік бюроның ММБ-дан ММБ операторларынан/иелерінен ол туралы ақпаратты алуына;
- 5) ММБ иелерінің ол туралы ақпаратты барлық ММБ-дан Кредиттік бюроға тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;
- 6) Банкке ол туралы қолда бар және болашақта келіп түсетін ақпаратты Кредиттік бюроға және Алушыға Кредиттік бюро арқылы беруге.

1. ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

1.1. Жүйе (Заңды тұлғаларға арналған интернет банкинг/«ForteBusiness» интернет банкингі/ «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінгі) – «Заңды тұлғаларға арналған интернет банкинг/«ForteBusiness» интернет банкингі/ «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінгі» бағдарламалық камсыздандыру, ол арқылы Банк Клиентке электронды банктік қызметтерді ұсынады. Жүйеге қолжетімділік «Заңды тұлғаларға арналған интернет банкинг/«ForteBusiness» интернет банкингі» (<https://online.fortebank.com/>)/ «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінгі» (<https://ibank.forte.kz/>), сонымен қатар мобильді қосымшасы орнатылған және интернеті бар ұялы телефон немесе басқа да құрылғы (IOS, Android) арқылы іске асырылады;

1.2. Өтінім – Заңды тұлғаларға арналған интернет банкинг/«ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінгіне қолжетімділік беруге Банктің белгілеген үлгіде ресімделген өтінім;

1.3. Клиенттің өкілі – Клиенттің жүйені тиісінше пайдалану үшін Банктен барлық қажетті мәліметтерді, құрылғылар мен құжаттарды алуға, сондай-ақ Шарт аясында қызметтерді алу мақсатында өзге де әрекеттерді орындауға құқылы Клиент тиісті сенімхат арқылы уәкілеттік берген тұлға;

1.4. Клиент – заңды тұлға/жеке кәсіпкер, шаруа (фермерлік қожалығы), жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор;

1.5. Қолданушы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Клиент өтінімінде көрсеткен, Шартқа сәйкес Жүйеге қол жеткізу құқығы және Клиенттің атынан Банкке нұсқауларға қол қою және жіберу құқықтарын қоспағанда, Клиенттің электрондық банк қызметтерін алуы үшін қажетті іс-әрекеттерді жүзеге асыру мүмкіндігі берілген тұлға;

¹Клиент - жеке кәсіпкер, шаруа (фермер) қожалығы, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор (мобильді интернет - банкінкте заңды тұлғаларға қызмет көрсету процесін техникалық іске асыруды жүзеге асырғанға дейін) мобильді интернет-банкінгке қол жеткізу үшін ғана қашықтан пайдаланады және қол қояды (Жалпы Талаптардың 1-қосымшасы).

- 1.6. Клиенттің Уәкілетті өкілі** – Клиенттің банктік шотын ашу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Клиенттің Банкке ұсынатын немесе Клиенттің атынан Банкке нұсқаулар беруге және қол қоюға құқылы, Клиент уәкілеттік берген, Клиенттің қолы мен мөр бедерінің үлгілері бар құжатта көрсетілген Қолданушының/Клиенттің өкілі;
- 1.7. Клиенттің банктік шоты** – Клиенттің Банкте ашылған ағымдағы және/немесе жинақ шоты;
- 1.8. Клиенттің логині** – Клиенттің бірегей логині (Қолданушының Логинімен бірге қолданылады), Жүйеде тіркелу үшін және әрі қарай Заңды тұлғаларға арналған интернет банкинг/«ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінгі арқылы Электронды банктік қызметтерге қолжетімділік алу үшін Банк барлық Қолданушыларға/Клиенттің Уәкілетті өкіліне береді. Мобильді интернет-банкінгте логин ретінде Клиенттің ұялы телефоны қолданылады;
- 1.9. Қолданушының логині**– Жүйеде тіркелу үшін және әрі қарай Жүйеде Электронды банктік қызметтерге қолжетімділік алу мақсатында Банк беретін Жүйедегі Қолданушының/Клиенттің Уәкілетті өкілінің бірегей логині;
- 1.10. Жүйеге кіру үшін ПИН/Құпиясөз**– Жүйеге кіруге қажет дербес сәйкестендіру нөмірі. Банк әрбір Пайдаланушыға/Клиенттің уәкілетті өкіліне әріптерден, символдардан және арнайы символдардан тұратын Клиент құратын жүйеге/ Мобильді интернет-банкінгке алғаш кірген кезде оны ауыстыру талап етілетін күйде ашық түрде ұсынады;
- 1.11. ПИН** – құрылған кодты алу мақсатында Digipass Құрылғысын іске қосу үшін қажетті дербес сәйкестендіру коды. Банк «Заңды тұлғаларға арналған интернет банкинг/«ForteBusiness» интернет банкингі/ «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінгі» Жүйесінде әрбір Қолданушыға/Клиенттің уәкілетті өкіліне береді;
- 1.12. Жылдам кіру ПИН-коды**- құпия сандар жиынтығы, оның көмегімен Клиент Мобильді интернет-банкінгке қолжетімділік ала алады;
- 1.13. Құрылған код** – бір реттік (біржолғы) код - бағдарламалық-аппараттық құралмен (Digipass құрылғысы) жасалатын және Клиентке заңды тұлғаларға арналған Интернет-банкінгте/"ForteBusiness" заңды тұлғаларға арналған Интернет-банкінгте электрондық банктік қызметтерге қолжетімділікті беру кезінде ұсынылатын бір реттік пайдалануға арналған электронды цифрлық символдардың бірегей бірізділігі;
- 1.14. Digipass құрылғысы** – заңды тұлғаларға арналған Интернет-банкінгте/"ForteBusiness" заңды тұлғаларға арналған Интернет-банкінгте қолданылатын электронды құрылғы (бағдарламалық-аппараттық құрал), ЭБҚ көрсету Шарты мен Ережесінің талаптарына сәйкес Банктің Клиентке берген құрылған/жасалған коды. Бұл ретте Digipass құрылғысын активациялау үшін ПИН қолданылады;
- 1.15. FaceID** - Клиенттің бет-әлпетінің көлемді - кеңістіктік формасының сканері, оның көмегімен құрылғының құлпын қауіпсіз ашуға, Мобильді интернет-банкінгке кіруге болады;
- 1.16. TouchID**- Клиенттің саусақ ізі арқылы сәйкестендіретін жүйе, оның көмегімен құрылғының құлпын қауіпсіз ашуға, Мобильді интернет-банкінгке кіруге болады;
- 1.17. SMS-верификация** - Клиентке Мобильді интернет – банкінгте сәйкестендіру немесе аутентификациялау кезінде енгізілетін ұялы телефон нөміріне СМС-коды бар SMS-хабарлама жіберу арқылы динамикалық сәйкестендіру процесі;
- 1.18. Байланыс мәліметтері** – Клиенттің электронды банктік қызметтерді алуға байланысты мәселелер бойынша Банкке хабарласатын Банктің/Банктің жауапты қызметкерлерінің байланыс телефондары мен мекенжайлары;
- 1.19. Клиентті сәйкестендіру** – электронды банктік қызметтерді алу құқығын біржақты растау мақсатында Қолданушының/Клиенттің Уәкілетті өкілінің нақты өзі екендігін растау процедурасы;
- 1.20. Аутентификация** – Банк бекіткен Қауіпсіздік Процедураларын сәйкес электронды құжаттың құрастырылуының нақтылығы мен дұрыстығын растау;
- 1.21. Жұмыс күндері** – Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес демалыс немесе мереке болып табылмайтын күндер;
- 1.22. Клиенттің Жүйеге қосылуы** – Шарттың талаптарына және/немесе Клиенттің өтініміне сәйкес Жүйеде Қолданушының/Клиенттің Уәкілетті өкілін тіркеу;
- 1.23. Қауіпсіздік процедурасы** – электронды банктік қызметтерді алуға оның құқықтарын белгілеу және берілетін және алынатын электрондық құжаттардың мазмұнындағы қателерді және/немесе өзгерістерді анықтау мақсатында электрондық құжаттарды жасау, беру және алу кезінде Қолданушының/Клиенттің уәкілетті өкілін сәйкестендіруге арналған ұйымдастыру шараларының және ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-техникалық құралдарының кешені;
- 1.24. Курьерлік қызмет** – пошта операторы көрсететін пошта жібертілімдерін тасымалдау мен табыстау бойынша пошта қызметтері;
- 1.25. СМС – код** – заңды тұлғаларға арналған Интернет - банкінгте /"ForteBusiness" заңды тұлғаларға арналған Интернет-банкінгте пайдаланылатын Қолданушының сұратуы бойынша Банктің бағдарламалық-техникалық құралдарымен жасалатын, Клиенттің уәкілетті өкілінің өтінімде көрсетілген ұялы телефон нөміріне SMS-хабарлама арқылы жіберілген және Қолданушыға электронды банктік қызметтерге қол жеткізуді ұсыну кезінде бір реттік пайдалануға арналған бірегей жүйелі электрондық цифрлық символдардан тұратын бір реттік (біржолғы) код;
- 1.26. «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған Мобильді интернет- банкінг (Мобильді интернет- банкінг)** - Клиент - жеке кәсіпкердің, шаруа (фермер) қожалығының, жеке нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың, кәсіби медиатордың² жеке кабинетте мобильді қосымша мен интернетке қолжетімділігі бар ұялы телефонда немесе басқа да құрылғы арқылы кіруге және банктік қызметтерді алуға арналған бағдарламалық қамсыздандыру;
- 1.27. Биометрикалық сәйкестендіру** – Клиенттің физиологиялық және биологиялық ерекшеліктерінің негізінде оның электронды банктік қызметтерді алу құқығын біржақты растау мақсатында Клиенттің жеке басын анықтау процедурасы;

² Мобильді интернет-банкінгте заңды тұлғаларға қызмет көрсету процесін техникалық жәузеге асыруды іске асырғанға дейін осы Жалпы талаптарда көрсетілген Сәйкестендіру, Аутентификациялау мен Мобильді интернет-банкінгі пайдаланудың тәртібі тек қана Клиент- жеке кәсіпкерге, шаруа (фермер) қожалықтарына, жеке нотариусқа, жеке сот орындаушысына, адвокатқа, кәсіби медиаторға қатысты ғана қолданылады.

1.28.Электронды-цифрлы қолтаңба (ЭЦҚ) – ЭЦҚ арқылы құрастырылған және электронды құжаттың растығын,оның сәйкестендіру құралы болып табылатын мазмұнының тиесілілігі мен өзгермейтінділігін растайтын электронды цифрлы символдардың жиыны. ЭЦҚ Мобильді интернет-банкінгте Клиентті сәйкестендіру мен аутентификациялау мақсатында қолданылады.

Жалпы талаптарда қолданылатын басқа арнайы терминдер мен белгілер Қазақстан Республикасының заңнамаларында бекітілген мағынада қолданылады.

2. «ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА АРНАЛҒАН ИНТЕРНЕТ-БАНКИНГ/«FORTEBUSINESS» ИНТЕРНЕТ-БАНКИНГ/ «FORTEBUSINESS» ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА АРНАЛҒАН МОБИЛЬДІ ИНТЕРНЕТ-БАНКИНГ» АРҚЫЛЫ ІСКЕ АСЫРУҒА БОЛАТЫН ЭЛЕКТРОНДЫ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕР ТІЗІМІ

2.1. Банк Клиентке Жалпы талаптарда және ЭБҚ көрсету Ережелерінде бекітілген тәртіпте электронды банктік қызметтерді (ЭБҚ) көрсетеді.

2.2. Электронды банктік қызметтерге мыналар кіреді:

2.2.1. Ақпараттық-банктік қызметтер:

- 1) Өтінімге сәйкес Жүйеге қосылған Клиенттің Банктік шоттарына қолжетімділік беру;
- 2) Клиенттің Банктік шоттары бойынша қалдық және(немесе) қозғалыстар жайлы, Клиенттің шоттары бойынша төлемдер және(немесе) аударымдар туралы ақпарат беру;
- 3) төлемді алушылардың тізімін, оның ішінде қажетті өзгерістерді енгізуді қоса бастау;
- 4) төлемдердің және(немесе) аударымдардың тарихын қарау;
- 5) болашақта бір типтес төлемдерді және(немесе) аударымдарға арналған шаблондарды құру;
- 6) электронды хабарламалар арқылы қауіпсіз байланыс арналары арқылы Банкпен байланысу;

2.2.2. Төлем қызметтері:

- 1) Клиенттің Банктік шоттарындағы теңгедегі және шетел валютасында төлемдерді және(немесе) ақшалай аударымдарды жүргізу асыру;
- 2) шетел валютасында сатып алулар мен сатуларды жүргізу;
- 3) Клиенттің Банктік шоттары бойынша үнемі қолданыстағы нұсқаулықтар (нұсқаулар) құрастыру, өзгерту немесе жою;
- 4) болашақ күнге Клиенттің Банктік шоттары бойынша нұсқаулықтар (нұсқаулар) құрастыру.

2.2.3. Басқа қызметтер:

- 1) Жүйе арқылы банктік қызметтерді алу үшін өтінімдер беру;
- 2) Мобильді интернет-банкінг арқылы банктік шоттарды ашу;
- 3) Мобильді интернет-банкінгте төлем карточкаларын шығару/қызмет көрсету.

Бұл толық тізім болып табылмайды және Жүйенің дамуына байланысты Банк бір тарапты тәртіпте өзгертуі/толықтыруы мүмкін, ол жайлы Банк өзінің Клиенттерін Банктің ресми www.forte.kz сайтында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы құлақтандырады.

3. ЭЛЕКТРОНДЫ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ, ТӘСІЛІ МЕН ШАРТТАРЫ

3.1. Клиентке электронды банктік қызметтерге қолжетімділік Интернет желісіне қосылған кез келген құрылғыдан Интернет арқылы қорғалған арналар бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін басқа да тәсілдермен қашықтан ұсынылады.

3.2. Клиентке электронды банктік қызметтерге қолжетімділік Жүйеде Қолданушының/Клиенттің Уәкілетті өкілінің біреуінің тіркеуден өткен соң беріледі. Бұл ретте төлем қызметтерін жүргізу тек төлем қызметтерін алу үшін Банкке Клиенттің электронды құжатты ұсынуға қажетті және жеткілікті құқығы бар Уәкілетті өкілі тіркелген жағдайда ғана іске асырылады.

3.3. Клиенттің/Қолданушының/Клиенттің Уәкілетті өкілінің Жүйеде тіркеуден өту тәртібі мен талаптары ЭБҚ көрсету Ережелерінде бекітіледі.

3.4. Ақпараттық-банктік қызметтерді көрсету Клиент сәтті сәйкестендіру мен Аутентификациядан өткен жағдайда жүзеге асырылады.

3.5. Төлем қызметтерін көрсету Клиенттің Қауіпсіздік процедураларына сәйкес сәйкестендіру мен Аутентификациядан сәтті өткен жағдайда жүзеге асырылады.

3.6. Клиентті сәйкестендері, Аутентификация, электронды құжатты Жүйе арқылы ұсыну тәртібі мен талаптары ЭБҚ көрсету Ережелерінде белгіленеді.

3.7. Клиенттің Банктік шоттарын Жүйеге қосу, электронды банктік қызметтерді алу мен оларды Жүйеден өшіру Клиенттің Шартына және/немесе Банкке жіберген хатының негізінде жүзеге асырылады.

3.8. Жүйе арқылы төлемдер мен аударымдарды жүргізу кезінде Клиент Жүйеде автоматты түрде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған электронды құжаттардың үлгілерін қолданады. Электронды құжаттар Жүйеде Клиенттің қалауы бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде құрылады.

3.9. Жүйе арқылы шетел валютасында төлемдерді және(немесе) аударымдарды жүргізу Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңнамасын сақтау арқылы іске асырылады.

3.10. Шетел валютасындағы электронды банктік қызметтерді көрсету кезіндегі валюта айырбастау бағамын операцияны жүргізу кезінде Банк анықтайды.

3.11. Клиент электронды банктік қызметті көрсету кезінде қолданылатын Банк өзі белгілеген және Банктің ресми www.forte.kz сайтында орналастырылған тарифтеріне (бұдан әрі- тарифтер) сәйкес электронды банктік қызметтерге төлем жасайды.

3.12. Осы арқылы Тараптар Банк Клиенттің Жүйе арқылы алған және Клиенттің тиісті түрде рұқсат еткен (акцептелген) Қауіпсіздік Процедурасын пайдалану арқылы Банкке ұсынған кез келген электронды құжаттарын қарастыруға құқылы екендігімен келіседі.

3.13. Осы арқылы Клиент Клиенттің Уәкілетті өкілдері тиісті түрде және әрекет ету мерзімінің ішінде Клиенттің Банктік шоты бойынша тиісті операцияларды іске асыруға уәкілетті болатындығына кепілдік береді және куәландырады.

3.14. Банк электронды банктік қызметтерін ұсынған кезде Банкте Клиентке электронды банктік қызметтерді ұсынуға негіз болған хабарламалардың жіберілгені және/немесе алынғаны туралы растау қалады. Клиенттің ресімделген хатының негізінде Банк электронды құжаттардың жіберілгені және/немесе алынғаны туралы растауды Клиенттің хатын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тараптар келіскен нысанда және тәсілмен (электронды пошта/ жүйе/қолма-қол/Курьерлік қызмет арқылы) ұсынады. Электронды құжатты алуды растау ЭБҚ көрсету Ережелерінде белгіленген тәртіпте жүргізіледі. Клиенттің сұратуы бойынша Банк оған ЭБҚ көрсету Ережелерінде көзделген нысанда және мерзімдерде электрондық банк қызметтерін жіберу және/немесе алу туралы растауды ұсынады.

3.15. Шарттың қолданыс мерзімінің ішінде Банк ұсынатын электронды банктік қызметтерді көрсету шекті мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылғар мерзімдерге сәйкес келеді.

3.16. Электронды банктік қызметтерді көрсету мәселелеріне байланысты сұрақтар бойынша Клиент келесі Байланыс нөмірлеріне хабарласа алады: Телефон: 8 (727) 244-84-14, +7 701 00 44 777, +7 705 93 37 777.

Банк мекенжайы: Нұр-Сұлтан қ., Достық к-сі, 8/1.

4. ҚАУІПСІЗДІК ПРОЦЕДУРАЛАРЫ

4.1. Осы арқылы Тараптар ЭБҚ көрсету Ережелерінде айтылған ақпаратты қорғау бойынша процедураларды сақтауға міндеттенеді.

4.2. Электронды банктік қызметтерді көрсету кезіндегі ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ұйымдастру шаралары, тәртібі мен бағдарламалық-техникалық құралдары ЭБҚ көрсету Ережелерінде көрсетіледі.

4.3. Заңды тұлғаларға арналған интернет банкинг/«ForteBusiness» интернет банкингі/ «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінгіне қол жеткізу барысында Клиентті сәйкестендіру үшін және Аутентификациялау кезінде келесі сәйкестендіру деректері қарастырылады: Клиенттің/Қолданушының Логині,жүйеге кіру үшін ПИН/Құпиясөз бен Құрылған код/СМС-кодтар; Қолданушының/Клиенттің Уәкілетті өкілінің электронды банктік қызметтерге келесі қол жеткізуі барысында жүйеге кіру ПИН коды/Құпиясөз, жаңадан құрылған код/СМС-кодтар талап етіледі. Жүйеге кіру ПИН коды/Құпиясөз Қолданушыға/Уәкілетті өкілге ашық түрде беріледі, Заңды тұлғаларға арналған интернет банкинг/«ForteBusiness» интернет банкингі/ «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінгіне бірінші рет кірген соң оны ауыстыру қажет.

4.3-1. Мобильді интернет банкингке қол жеткізу кезінде Клиентті бастапқы сәйкестендіру (тіркеу) мақсатында келесі сәйкестендіру құралдары қолданылады: SMS-верификация, биометриялық сәйкестендіру (Клиент сондай-ақ жеке сәйкестендіру нөмірін енгізеді) немесе Клиенттің ЭЦҚ мен SMS-верификация. Клиентті бастапқы сәйкестендірген (тіркеген) соң көрсетілгендерден бөлек Клиент Құпиясөзді, Логинді (оның ұялы телефонының нөмірі), қалауына қарай FaceID, TouchID мен жылдам кіру үшін ПИН-кодын орнатады. Мобильді интернет-банкінгке келесі қолжетімділік Логин мен Құпиясөзді, SMS-верификацияны немесе FaceID/TouchID/жылдам кіру үшін ПИН-кодты қолдану арқылы іске асырылады. FaceID/TouchID/жылдам кіру үшін ПИН-кодты орнатқан кезде Мобильді интернет-банкінг Клиенттің Логині мен Құпиясөзін есінде сақтайды және FaceID/TouchID/жылдам кіру үшін ПИН-кодты әр жолы қолданған кезде Мобильді интернет-банкінгке кіру үшін Құпиясөз автоматты түрде енгізіледі.

4.3-2. Мобильді интернет-банкінгте Аутентификациялауға SMS-верификацияны немесе Клиенттің ЭЦҚ қолданылады.

4.4. Жүйедегі қауіпсіздік мақсатында Клиенттің Жүйедегі ағымдағы сессиясын автоматты түрде өшіру қызметі қарастырылған. Ағымдағы сессияны автоматты түрде өшіру қызметі деп Клиенттің Жүйеде біраз уақыт бойы (Заңды тұлғаларға арналған интернет банкинг/«ForteBusiness» интернет банкингі үшін 10 (он) минут, «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінгі үшін 3 (үш) минут) белсенді әрекеттер жасамаған (кез келген операцияларды жүргізбеуі, кез келген электронды құжаттарды ұсынбауы және т.б.) кезіндегі электронды банктік қызметтерді уақытша тоқтата тұруы немесе тоқтатуы түсіндіріледі.

4.5. Заңды тұлғаларға арналған интернет банкингте/«ForteBusiness» интернет банкингінде Қауіпсіздік процедураларын сақтау мақсатында Digipass құрылғысын алу барысында Клиент/Уәкілетті өкіл Қауіпсіздік процедурасына сәйкес бастапқы ПИНді, сондай-ақ жүйеге кіру үшін ПИНді/жаңа ПИНге Банктен алынған Құпиясөзді ауыстыруға міндетті.

4.6. Банктік құпияны құрайтын ақпаратқа рұқсатсыз қолжетімділіктің орын алғандығы, оның рұқсатсыз өзгертілгендігі, рұқсат етілмеген төлемнің немесе ақша аударымының іске асырылғандығы, Банктің электронды банктік қызметтерді ұсыну барысында туындаған басқа да рұқсат етілмеген әрекеттердің туындағандығы жайлы Банк Клиентке оған қатысты осындай әрекеттердің жол берілгендігі жайлы Клиенттің Өтінімінде көрсетілген байланыс деректері бойынша оқиға орын алғаннан бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей ауызша хабарлайды.

4.7. Жалпы талаптардың 4.6. тармағында көрсетілген рұқсат етілмеген әрекеттер туындаған жағдайда, Банк олардың салдарын жою үшін және болашақта олардың алдын алу үшін дереу барлық қажетті шараларды қолданады.

4.8. Банк пен Клиент қолданатын бағдарламалық-техникалық құралдарға рұқсатсыз қолжетімділіктің алдын алу құралдары мен шаралары, оның ішінде ұйымдастыру шаралары мен бағдарламалық-техникалық құралдар Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес келеді/жауап береді.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Банктің міндеттері:

- 5.1.1. Банктің веб-сайтында (<http://www.forte.kz>) ЭБҚ көрсету Ережелерінің маңызды жайында орналастыру және қолдау.
- 5.1.2. Жүйеде Қолданушыны/Клиенттің Уәкілетті өкілін ЭБҚ көрсету Ережелері мен Жалпы талаптарда бекітілген тәртіп пен шарттарда тіркеу.
- 5.1.3. Клиентке электронды банктік қызметтерді ЭБҚ көрсету Ережелері мен Жалпы талаптарда және Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіп пен талаптарда ұсыну.
- 5.1.4. Заңды тұлғаларға арналған интернет банкинкте/«ForteBusiness» интернет банкингіде әрбір Қолданушыға/Клиенттің Уәкілетті өкіліне Клиенттің/Қолданушының Логинін, жүйеге кіру үшін ПИНді/ПИН құпиясөзін және жұмысқа жарамды Digipass құрылғысын беру. ПИНді, Клиенттің/Қолданушының Логинін, жүйеге кіру үшін ПИНді/Құпиясөзді беру барысында Клиенттің өкілі мен Банктің уәкілетті өкілі Банктің бекіткен үлгісі бойынша Қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды.
- 5.1.5. Digipass құрылғысының Клиентке/оның уәкілетті өкіліне берілген Digipass құрылғысын берген сәттен бастап 3 (үш) айдан көп емес кезеңде анықталған/белгіленген жұмысқа жарамсыздық күйінде, айтарлықтай сыртқы ақаулары/«LOCK DISABLED» хабарламасы болмаған жағдайда, Клиенттің/оның уәкілетті өкілінің жазбаша өтінішінің негізінде Digipass құрылғысын ауыстыруды ЭБҚ көрсету қағидаларында белгіленген тәртіппен Клиенттің/оның уәкілетті тұлғасының Банкке жазбаша өтініші келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Банк тарифтеріне сәйкес төлем алмай-ақ жүзеге асыру.
- Осы тармақшаның бірінші абзацында белгіленген мерзімнен кейін кез келген негіздер бойынша Digipass құрылғысының жұмысқа қабілетсіздігін анықтау/белгілеу кезінде осы тармақшаның бірінші абзацында және ЭБҚ көрсету қағидаларында көзделген тәртіппен Банк тарифтеріне сәйкес ақылы негізде Digipass құрылғысын ауыстыру.
- 5.1.6. Digipass құрылғысы Клиенттің кінәсінен бұзылған кезде, Digipass құрылғысының сыртқы зақымдануы кезінде (құрылғының экраны сынған және/немесе механикалық зақым келтірілген болса) және/немесе Digipass құрылғысы Клиенттің / Клиенттің уәкілетті өкілінің ПИНді дұрыс енгізбеуі салдарынан 3 реттен көп блокталған кезде (Digipass құрылғысы " LOCK DISABLED" хабарламасын көрсетеді), Клиенттің/оның уәкілетті өкілінің жазбаша өтініші негізінде Клиенттің/оның уәкілетті өкілінің Банкке жазбаша өтініші келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Digipass құрылғысын Банктің тарифтеріне сәйкес ақылы негізде ауыстыруды жүзеге асыру. Бұл ретте Digipass құрылғысын Клиент/оның уәкілетті өкілі Банктің қызметкеріне Digipass құрылғысының жұмыс істемейтін жай-күйінің себебін көрсете отырып, Digipass құрылғысының жұмыс істемейтін құрылғыны 2 данада қол қойылған қабылдау-тапсыру актісі, Digipass құрылғысының анықталған зақымдануларының "LOCK DISABLED" хабарламасы бар сипаттамасы/Банктің жауапты қызметкері және Клиент/оның уәкілетті өкіліне беріледі.
- 5.1.7. Клиент Қауіпсіздік процедуралары мен Қазақстан Республикасының заңнамаларын сақтаған жағдайда Жалпы талаптар мен ЭБҚ көрсету Ережелерінде белгіленген тәртіп пен талаптарда Клиенттің нұсқауларын орындау.
- 5.1.8. Жалпы талаптар мен ЭБҚ көрсету Ережелерінде белгіленген тәртіп пен талаптарда Заңды тұлғаларға арналған интернет банкинкте/«ForteBusiness» интернет банкингіде Клиентке қолданушының жаңа логинін, жүйеге кіру үшін ПИНді/Құпиясөзді, ПИН мен Digipass құрылғысын беру.
- 5.1.9. Қазақстан Республикасының заңнамаларында тікелей қарастырылған жаңдайларды қоспағанда электронды банктік қызметтерді көрсету барысында алынған ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеу.

5.2. Банктің құқықтары:

- 5.2.1. Клиент Жалпы талаптарға сәйкес өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған және/немесе Қолданушы/Клиенттің уәкілетті өкілі ЭБҚ көрсету Ережелеріне сәйкес тіркеу процедураларын және Қауіпсіздік процедураларын сақтамаған жағдайда Клиентке оның Қолданушысын/уәкілетті өкілін жүйеде тіркеуден бас тарту.
- 5.2.2. Келесі жағдайларда кез келгенінде электронды банктік қызметтерді көрсетуден бас тарту:
- 1) Клиенттің Логинін және/немесе Қолданушының Логинін, және/немесе жүйеге кіру үшін ПИНді/Құпиясөзді/ПИН кодты және/немесе Құрылған кодты/СМС-кодты/ЭЦҚ құпиясөзін Жүйеде қатарынан 3 (үш) реттен көп қате көрсеткен жағдайда;
 - 2) электронды құжаттың Қазақстан Республикасының заңнамасының және/немесе ЭБҚ көрсету Ережелерінің және/немесе банктік шот шартының/банктік салым шартының талаптарына сәйкес келмеуі;
 - 3) Қолданушының/Клиенттің уәкілетті өкілінің Қауіпсіздік процедураларын сақтамауы;
 - 4) Клиенттің электронды құжатты орындау үшін Банк талап еткен құжаттарды бермеуі;
- 5.2.3. Жалпы талаптар мен ЭБҚ көрсету Ережелерінде белгіленген негіздер бойынша электронды банктік қызметтерді көрсетуді тоқтата тұру немесе тоқтату.
- 5.2.4. Банктің веб-сайтында осындай өзгерістер туралы Клиентті хабардар ете отырып, ЭБҚ көрсету Ережелеріне, Жалпы Талаптарға Қазақстан Республикасының заңнамасында біржақты өзгертуге тыйым салынатын шарттарды қоспағанда, өзгерудің болжамды күніне дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын осындай өзгертулер/толықтырулар туралы Банктің веб-сайтында (<http://www.forte.kz>) хабарлау арқылы бір жақты тәртіпте өзгерістер енгізу.
- ЭБҚ көрсету Ережелеріне, Жалпы талаптарға, оның ішінде Банктің тарифтеріне/лимиттеріне және Жүйені қолдану тәртібін және электронды банктік қызметтерді көрсету талаптарын реттейтін басқа құжаттарына енгізілген өзгерістер/толықтырулар туралы ақпараттың жарияланғанынан бастап 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң осындай өзгертулер/толықтырулар осы тармақта белгіленген тәртіпте өз күшіне енеді;
- 5.2.4-1. Банктің веб-сайтында осындай өзгерістер туралы Клиентті хабардар ете отырып, Клиенттің үнсіздікпен көрсетілген еркі негізінде, ЭБҚ көрсету Ережелеріне, Жалпы Талаптарға біржақты тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасында біржақты өзгертуге тыйым салынатын шарттарды қоспағанда, өзгерудің болжамды күніне дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын осындай өзгертулер туралы Банктің мына мекенжай бойынша <http://www.forte.kz> веб-сайтында және Банк филиалдарының операциялық залдарында хабарлау арқылы бір жақты тәртіпте өзгерістер/толықтырулар (оның ішінде жаңа редакциямен) енгізу. Банк осы тармаққа сәйкес өзгерістерді/толықтыруларды енгізу туралы хабарламаны жариялаған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Клиенттің көрсетілген құжаттарға өзгерістерді/толықтыруларды қабылдамау туралы жазбаша өтінішті ұсынбауы оның ерік білдіруінің көрінісі болып табылады және Клиенттің осындай өзгерістермен/толықтырулармен келісетінін білдіреді.

- 5.2.5. Біржақты тәртіпте Байланыс деректеріне осындай өзгертулер жайлы байланыс деректерін өзгертудің болжалды күніне дейін 10 (он) жұмыс күніне дейін Клиентке Банктің веб-сайтында (<http://www.forte.kz>) хабардар ете отырып өзгертулер енгізу.
- 5.2.6. Клиенттен ForeignAccountTaxComplianceAct (бұдан әрі- FATCA), оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары талаптарына сәйкес банктік шот бойынша операциялар жүргізу, банктің валюталық бақылауды жүзеге асыруы, Банктің Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауы үшін, сондай-ақ Клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауды, өңдеуді және АҚШ-тың салық қызметіне (Internal Revenue Service) беруді жүзеге асыру үшін қажетті кез келген құжаттарды және ақпаратты сұрату.
- 5.2.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпшен және жағдайларда Шартты орындаудан біржақты соттан тыс тәртіпшен бас тарту, сондай-ақ:
- 1) қаржылық мониторинг бойынша уәкілетті мемлекеттік орган құрастырған тізбеде (бұдан әрі – Тізбе) Клиент жайлы мәліметтер болса;
 - 2) егер мәміле/мәмілеге немесе мәміле бойынша міндеттемеге бір Тарап/қатысушы Тізбеге енгізілген тұлға/ақшаны жылыстатудың, терроризмді қаржыландырудың және халықаралық ұйым немесе шет мемлекет айқындаған жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырудың елеулі тәуекелдері бар елде тіркелген/тұрған тұлға болып табылса не егер осы операцияны/мәмілені орындауға осындай тұлға қатысса;
 - 3) егер Клиент жүргізген операцияларды зерделеу барысында операцияның қаражатты заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру немесе шет жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында жүргізілгендігі жайлы күдік болса;
 - 4) Клиенттен FATCA , оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарының талаптарына сәйкес Клиентті тиісті тексеруді жүргізу үшін, сондай-ақ Клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауды, өңдеуді және АҚШ-тың салық қызметіне (Internal Revenue Service) беруді жүзеге асыру үшін қажетті кез келген құжаттарды және ақпаратты беруден бас тартса;
 - 5) егер Банк осы Шарттың, Қазақстан Республикасының және Банктің қызметін қозғайтын шет мемлекеттердің заңнамасының, жария болып табылатын Банктің және корреспондент Банктің ішкі рәсімдері мен шарттарының талаптары бұзылады деп ұйғарған жағдайда, сондай-ақ қолданысы Банкке және Клиентке (оның ішінде операцияның түріне байланысты шектелмей, Клиент пен оның лауазымды адамдары, акционерлері/қатысушылары тіркелген және (немесе) орналасқан елмен және (немесе), бенефициар меншік иелері, еншілес және қауымдасқан ұйымдар, сондай-ақ осы елдерге/осы тұлғаларға немесе осы елдерден/осы тұлғалардан алынатын төлемдер) қолданылатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкциялар болған жағдайда.
- 5.2.8. Мына жағдайларда Банктік шот бойынша операцияларды жүргізуді тоқтата тұру және/немесе тоқтату:
- 1) егер осындай мәміле бойынша операцияның/мәміленің немесе міндеттеменің бір тарабы (тараптары) төмендегілер болып табылса: если одной стороной (сторонами) этой операции/сделки или обязательства по сделке является:
 - а) Тізбеге енгізілген ұйым немесе тұлға; организация или лицо, включенное в Перечни;
 - б) Тізбеге енгізілген ұйымның немесе тұлғаның атынан немесе нұсқауы бойынша әрекет ететін Тізбеге енгізілген ұйымның немесе тұлғаның тікелей немесе жанама түрде меншігіндегі немесе бақылауындағы заңды тұлға;
 - в) халықаралық ұйым немесе шет мемлекет айқындаған қаражатты жылыстатудың, терроризмді қаржыландырудың және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырудың елеулі тәуекелдері бар елде тіркелген/жүрген тұлға немесе егер осы операцияны/мәмілені орындауға осындай тұлға қатысса;
 - 2) егер Клиент жүргізген операцияларды зерделеу барысында операцияның қаражатты заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру немесе шет жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында жүргізілгендігі жайлы күдік болса;
 - 3) заңнамаларда, соның ішінде «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңымен немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгілен жағдайларда.
- 5.3. Клиенттің міндеттері:**
- 5.3.1. Банктің қызметтеріне Банк тарифтеріне сәйкес ақы төлеу.
- 5.3.2. Өз бетінше Банктің веб-сайтында (<http://www.forte.kz>) орналастырылған ЭБҚ көрсету Ережесімен танысу, мерзімдік негізде оған енгізілген өзгерістер және/немесе толықтыруларды қадағалап отыру.
- 5.3.3. Жалпы талаптардың, ЭБҚ көрсету Ережелерін, Қазақстан Республикасының заңнамалары мен тиісті банктік шот/салым шарттарының талаптарын сақтау.
- 5.3.4. Мобильді интернет-банкінгке рұқсатсыз қолжетімділікті болдырмау үшін Клиенттің Логинін, жүйеге кіру үшін ПИНді/Құпиясөзді, ПИНді/жылдам кіру үшін ПИН-кодты, Құрылған кодты/СМС-кодты/ЭЦҚ/Digipass құрылғының құпиясөздерін үшінші тұлғаларға жария етпеу/бермеу және сақталуын қамтамасыз ету/ұялы телефонға/басқа құрылғыға үшінші тұлғалардың FaceID/TouchID орнатпау.
- 5.3.5. Клиенттің Логинін, жүйеге кіру үшін ПИНді/Құпиясөзді, ПИНді/жылдам кіру үшін ПИН-кодты, Құрылған кодты/СМС-кодты/ЭЦҚ/Digipass құрылғының құпиясөздерін үшінші тұлғаларға жария етпеу/бермеу және сақталуын қамтамасыз ету/ұялы телефонға/басқа құрылғыға үшінші тұлғалардың FaceID/TouchID орнату жағдайлары орын алған кезде ол жайлы Банкке Жалпы талаптарда көрсетілген байланыс деректері бойынша Өтінімде көрсетілген Код сөзді айту арқылы электронды банктік қызметтерді көрсетуді тоқтата тұру немесе тоқтату мақсатында дереу хабарлау.
- 5.3.6. Банкке электронды құжаттарды орындау үшін қажетті құжаттарды ұсыну.
- 5.3.7. Клиенттің атынан жүйеге рұқсатсыз кірудің анықталғаны және/немесе Клиенттің банк шоттарына қол жеткізуді, Клиенттің атынан электронды банктік қызметтерді алуды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, Клиенттің атынан жүйеге рұқсатсыз кіру күдігі

туралы Жалпы талаптарда көрсетілген байланыс деректері бойынша Өтінімде көрсетілген Код сөзін айту арқылы Банкті дереу ауызша хабардар ету.

5.3.8. Төлем немесе ақша аударымын жүргізу қажет болған жағдайда Клиенттің сәйкес Банктік шотында электронды құжатты орындауға және Банктің тарифтеріне сәйкес Банктің қызметтері үшін комиссиялық сыйақыны төлеуге жеткілікті қаражатты қамтамасыз ету.

5.3.9. Егер өкілеттігі тоқтатылған немесе болмаған жағдайда, Клиенттің Уәкілетті өкілдерімен операцияларды жүргізбеу/қызметтерді алмау (оны дереу тоқтату және тиісті құжаттарды ұсына отырып, Банкке дереу жазбаша хабарлау).

5.4. Клиенттің құқықтары:

5.4.1. Өтінімге сәйкес ЭБҚ көрсету Ережелерінің негізінде Қолданушының жаңа Логинін, жүйеге кіру үшін ПИНді/Құпиясөзді және Digipass құрылғысын алу.

5.4.2. Клиенттің Логинін, жүйеге кіру үшін ПИНді/Құпиясөзді, ПИНді/жылдам кіру үшін ПИН-кодты, Құрылған кодты/СМС-кодты/ЭЦҚ/Digipass құрылғының құпиясөздерін үшінші тұлғаларға жария етпеу/бермеу және сақталуын қамтамасыз ету/ұялы телефонға/басқа құрылғыға үшінші тұлғалардың FaceID/TouchID орнату жағдайлары орын алған кезде ол жайлы Банкке Жалпы талаптарда көрсетілген байланыс деректері бойынша Өтінімде көрсетілген Код сөзді айту арқылы электронды банктік қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруды немесе тоқтатуды Банктен талап ету.

5.4.3. Жалпы талаптарда көзделген тәртіпте және шарттарда Интернет желісіне қолжетімділігі бар мобильді қосымшаны қолдайтын кез келген компьютерден/мобильді немесе басқа құрылғыдан интернет арқылы байланыс арналары бойынша қашықтан электронды банктік қызметтерді алуға. Бұл ретте Қолданушы / Уәкілетті өкіл Қауіпсіздік процедураларында көрсетілген талаптарды сақтауға тиіс.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ

6.1. Тараптар төмендегілерге келісті:

6.1.1. Клиент тиісті түрде сәйкестендірілген және Клиент ЭБҚ көрсету Ережелері мен Қауіпсіздік процедураларын сақтаған жағдайда, СМС-кодтын/ЭЦҚ/SMS-верификацияның құрылған кодын пайдалана отырып, Банкке ұсынылған Клиенттің электронды құжаттарын, егер мұндай электронды құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген болса, Банк Клиенттің түпнұсқа электронды құжаттары ретінде қабылдайтындығымен.

6.1.2. Орындалған және жүргізілген төлем тапсырмалары, Клиент Жүйе арқылы басып шығаратын үзінді көшірмелер Банк беретін қағаз нұсқадағы құжаттарға теңестірілгендігімен.

6.2. Клиент Клиенттің электронды құжаттарының нақтылығына, толықтығына және растығына жауапты болады.

6.2-1. Клиент Клиенттің Банктік шоты бойынша операцияларды жүргізетін Уәкілетті өкілдің тиісті уәкілеттілігі болмаған жағдайда байланысты барлық мүмкін шағымдарға уәкілеттіліктің болмауынан алынған қызметтерден туындайтын шығынның толық көлемінде толығымен жауапкершілік алатындығымен.

6.3. Банк мына жағдайларда жауапкершілік алмайды:

6.3.1. Клиенттің электронды құжаттарды дұрыс ресімдемегенімен байланысты туындаған кез келген шығын үшін, сонымен қатар Клиенттің электронды құжаттарының Жалпы талаптардың, ЭБҚ көрсету Ережелерінің, Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда;

6.3.2. Банктің кінәсінен емес туындаған Жүйенің жұмысындағы қателер, бас тарту, кідірістер және іркілістер үшін;

6.3.3. қателер, іркілулер, Клиенттің және/немесе басқа үшінші тұлғаның жабдығының жарамсыздығына байланысты Клиенттің Жүйеге қолжетімділік ала алмау мүмкіндігі үшін;

6.3.4. Клиенттің Логинін, жүйеге кіру үшін ПИНді/Құпиясөзді, ПИНді/жылдам кіру үшін ПИН-кодты, Құрылған кодты/СМС-кодты/ЭЦҚ/Digipass құрылғының құпиясөздерін үшінші тұлғаларға жария етпеу/бермеу және сақталуын қамтамасыз ету/ұялы телефонға/басқа құрылғыға үшінші тұлғалардың FaceID/TouchID орнату жағдайлары салдарынан орын алған шығын үшін;

6.3.5. Клиенттің электронды құжатын болдырмау немесе өзгерту мүмкін еместігі үшін;

6.3.6. Клиенттің жабдығының немесе Клиенттің жабдығында сақталған ақпараттың бүлінгендігі үшін, Клиенттің Қауіпсіздік процедураларын сақтамаған кезде Клиенттің бағдарламалық қамсыздандандыру мен компьютерінің түрлі компьютерлік вирустардан қауіпсіздігі үшін;

6.3.7. Клиенттің Логинін, жүйеге кіру үшін ПИНді/Құпиясөзді, ПИНді/жылдам кіру үшін ПИН-кодты, Құрылған кодты/СМС-кодты/ЭЦҚ/Digipass құрылғының құпиясөздерін үшінші тұлғаларға жария етпеу/бермеу және сақталуын қамтамасыз ету/ұялы телефонға/басқа құрылғыға үшінші тұлғалардың FaceID/TouchID орнату жағдайлары нәтижесінде туындаған шығын үшін, Банк қызметкерін(-лерін) қоса алғанда, Банктің кінәсінен жоғарыда көрсетілген ақпаратқа үшінші тұлғалардың қол жеткізуі нәтижесінде туындаған залалдан басқа;

6.3.8. Клиенттің Логинін, жүйеге кіру үшін ПИНді/Құпиясөзді, ПИНді/жылдам кіру үшін ПИН-кодты, Құрылған кодты/СМС-кодты/ЭЦҚ/Digipass құрылғының құпиясөздерін үшінші тұлғаларға жария етпеу/бермеу және сақталуын қамтамасыз ету/ұялы телефонға/басқа құрылғыға үшінші тұлғалардың FaceID/TouchID орнату жағдайлары нәтижесінде туындаған кез келген шығындар, залалдар, зардаптар үшін, сондай-ақ осындай залалдар, залалдар Банк қызметкерін қоса алғанда, Банктің кінәсінен туындаған жағдайларды қоспағанда, Клиентте және/немесе кез келген үшінші тұлғада осы деректерді пайдалану нәтижесінде туындаған кез келген залалдар, залалдар, шығыстар үшін;

6.3.9. Жалпы талаптармен, ЭБҚ көрсету Ережелерімен, Қауіпсіздік процедураларымен реттелмейтін басқа барлық жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауапкершілік алады.

7. ЭЛЕКТРОНДЫ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТОҚТАТА ТҰРУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ НЕГІЗДЕРІ

- 7.1. Банк мына жағдайларда электронды банктік қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруға және/немесе Қолданушының/Клиенттің Уәкілетті өкілінің электронды банктік қызметтерге қолжетімділігін тоқтатуға құқылы:
- 7.1.1. Клиенттің Қолданушысының Логинін және/немесе Қолданушының Логинін, және/немесе жүйеге кіру үшін ПИНді/Құпиясөзді/ПИН кодты және/немесе Құрылған кодты/СМС-кодты/ЭЦҚ құпиясөзін Жүйеде қатарынан 3 (үш) реттен көп қате көрсеткен жағдайда;
- 7.1.2. Клиенттің Қолданушысының Digipass құрылғысын қатарынан 5 (бес) реттен артық іске қосқан және Digipass құрылғысын бұғаттаған кезде пайдаланушының ПИНді қате көрсетуі;
- 7.1.3. Клиенттің Банктік шоттарына рұқсатсыз қол жеткізу немесе Жүйені рұқсатсыз пайдалану қаупі туындаған кезде;
- 7.1.4. электронды банктік қызмет көрсетілетін Клиенттің банктік шотында тыйым салу және/немесе шығыс операцияларын тоқтата тұру, мүлікке билік етуді уақытша шектеу және/немесе үшінші тұлғалардың орындалмаған талаптары болған кезде;
- 7.1.5. Банк Клиенттен Клиенттің/оның уәкілетті өкілінің ауызша немесе жазбаша қтініші болған жағдайда, Уәкілетті өкілдің/Клиенттің Қолданушысының Логинін, жүйеге кіру үшін ПИНді/Құпиясөзді, ПИНді/жылдам кіру үшін ПИН-кодты, Құрылған кодты/СМС-кодты/ЭЦҚ/Digipass құрылғының құпиясөздерін жоғалтуы/үшінші тұлғаларға жария етуіне/бермеу және сақталуын қамтамасыз ету/ұялы телефонға/басқа құрылғыға үшінші тұлғалардың FaceID/TouchID орнату;
- 7.1.6. ЭБҚ көрсету Ережелерінде және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған басқа да жағдайларда.
- 7.2. Банк келесі жағдайларда электронды қызметтерді көрсетуді тоқтатуға құқылы:
- 7.2.1. егер Клиенттің Шарт бойынша банктік операцияларды/Банктің басқа да қызметтері үшін төлем жасау бойынша 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам мерзімдегі берешегі болса;
- 7.2.2. Клиенттің Банктегі барлық Банктік шоттары заңнамада белгіленген тәртіпте жабылған болса.
- 7.3. Клиенттің тиісті түрде ресімделген хатының негізінде Клиентке электронды банк қызметтерін көрсетуді тоқтата тұрған кезде және/немесе егер Клиенттің банк операцияларын жүргізу үшін көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша Банк алдында күнтізбелік 30 (отыз) күннен астам берешегі болса, электронды банк қызметтеріне қол жеткізу Клиенттің барлық Қолданушылары үшін тоқтатыла тұрады. Клиенттің нақты Қолданушысы үшін электронды банктік қызметтерге қол жеткізуді тоқтата тұру Клиенттің өзге Қолданушылары үшін электронды банктік қызметтерге қол жеткізуді тоқтата тұрмайды.
- 7.4. Банк мына жағдайларда Клиентке электронды банктік қызметтерді көрсетуді тоқтата тұрады немесе тоқтатады:
- 7.4.1. Клиенттің Жалпы талаптарда қарастырылған электронды банктік қызметтерді көрсету тәртібі мен талаптарды бұзуы;
- 7.4.2. электронды банктік қызметтерді көрсетуді қамтамасыз ететін техникалық қызметтердің ауауы;
- 7.4.3. Жалпы талаптарда қарастырылған басқа да негіздерде.
- 7.5. Осы арқылы Тараптар Жалпы талаптардың 7.2-тармағында қарастырылған негіздер бойынша электронды банк қызметтерін көрсетуді тоқтата тұру немесе тоқтату мақсатында Банктің Digipass құрылғысын дереу өшіру/Қолданушының/Клиенттің уәкілетті өкілінің бұғаттауы арқылы жүйеге қолжетімділікті бұғаттау дерегі Клиентке электронды банктік қызмет көрсетуді тоқтата тұру/тоқтату туралы тиісті хабарлама болып табылатындығы жайлы келісті
- 7.6. Клиенттің электронды банктік қызметтерді алу құқығын тоқтата тұруға әкеп соққан себептер жойылған кезде Банк Клиентке электронды банктік қызметтерді көрсетуді қайта бастайды, бұл ретте Клиенттің Digipass құрылғысын/ Қолданушының/Клиенттің уәкілетті өкілін іске қосу жолымен жүйеге қол жеткізуді ұсыну оның құқықтарының қайта іске қосылуы туралы Клиентке жеткілікті және тиісінше хабарлау болып табылады.
- 7.7. Электронды банктік қызметтерді қайта қалпына келтіруді Банк ЭБҚ көрсету Ережелерінде қарастырылған негізде және тәртіпте іске асырады.

8. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

- 8.1. Шарттың талаптарын тиісінше орындау бойынша туындайтын дауларды Тараптар келіссөздер арқылы, ал келісімге келе алмаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шешеді.
- 8.2. Шарт аясында жіберілетін барлық хабарландырулар мен хабарламалар жазбаша түрде болуы тиіс. Егер олар тапсырысты хатпен, факс, телеграф арқылы немесе жеке қолына табысталған жағдайда таңдалған байланыс арнасы адресатқа жеткізілгендігі туралы хабарлама/хабарландыру арқылы расталатын болса ғана тиісті түрде жіберілген болып саналады. Шарт бойынша хабарламалар Шартта тікелей көзделген жағдайларда ғана өзге тәртіппен жасалуы мүмкін.
- 8.3. Жалпы талаптарға барлық өзгертулер мен толықтырулар егер басқасы заңнамамен белгіленбеген болса Жалпы талаптарда көрсетілген тәсілмен жасалуы тиіс.
- 8.4. Шартта реттелмейтін барлық қатынастар Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес жүзеге асырылады және реттеледі.
- 8.5. «Занды тұлғаларға арналған интернет банкинг/«ForteBusiness» интернет банкингі/ «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкингі» тіркеліп, авторизациядан өте отырып және Шартқа қол қою арқылы Клиент Банктің құқығын мойындайды және төмендегілерге өзінің келісімін береді:
- 1) Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген әрекетті/шараларды іске асыруы/қолдануы Банктік қызметтерді көрсету аясында Қолданушының кез келген түрдегі дербес, биометрикалық және басқа да деректерін Қолданушы ұсынатын/Банк жинайтын барлық заңды дереккөздерден өңдеу, растау мен тексеру (бұдан әрі – Деректер) жиналған Деректердің қандай да бір өзгешелігі/өзгерісі анықталған жағдайда сол сияқты нақтыланған және/немесе шынайы/өзекті Деректерді алуға (жинауға), өңдеуге, растауға және тексеруге тең болады;
- 2) Деректерді ресми/заңды дереккөздерден, оның ішінде уәкілетті органдардың мемлекеттік мәліметтер базасын (бұдан әрі – ММБ) кредиттік бюролармен, «Қазақстандық банкаралық есептесулер орталығы» РММ (бұдан әрі – ҚБЕО), уәкілетті мемлекеттік

органдардың ресми сайттарынан (Қазақстан Республикасының Электронды үкімет порталы/Электронды лицензиялау және басқа да ресми дереккөздер), Банкпен ақпаратты ұсыну мен алу туралы шарт жасасқан кредиттік бюро, ҚБЕО базасында Сәйкестендіру деректерін өңдеу орталығы (бұдан әрі – СДӨО) және Деректерді алуға/беруге құқығы бар өзге де ұйымдарды/мекемелердің Банктің биометриялық деректерді пайдалана отырып қашықтан сәйкестендіруді қоса алғанда Қолданушы туралы оны сәйкестендіру үшін қажетті өзекті және дұрыс мәліметтерді алуы мақсатында Банктің Деректерді ұсыну/беруі мен алуына;

3) МББ, СДӨО иелерінің, сондай-ақ кредиттік бюроның ресми және заңды көздерін (Қазақстан Республикасы Электрондық үкіметінің порталы/Электрондық лицензиялау, уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сайттары және басқа да ресми көздер), оның ішінде операторлардан/ММБ иелерінен ММБ-дан алынған Деректерді Банкке, кредиттік бюроға және өзге де ұйымдарға/мекемелерге тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүзеге асыратын заңды тұлғаға қолда бар және болашақта келіп түсетін Деректерді кредиттік бюро мен Банкке тікелей немесе үшінші тұлғалар (Кредиттік бюроларды қоса алғанда немесе кредиттік бюролар арқылы) арқылы беруге;

5) Банктің өнімдері/қызметтері бойынша ұсыныстар дайындау мақсатында Банктің барлық заңды дереккөздерінен Қолданушы туралы құпия ақпаратты пайдалана отырып алдын ала талдау жүргізуіне;

6) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне және (немесе) оның аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі – Мемлекеттік кірістер органы), оның ішінде Мемлекеттік кірістер органы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында күнтізбелік ай ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарында көзделген белгіленген шекті мөлшерлерден тыс қолма-қол ақшаны алу туралы мәліметтер және (немесе) құжаттар алмасуды жүзеге асыру мақсатында беруге;

7) FATCA талаптарына сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ салық қызметіне (Internal Revenue Service) Клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге және беруге;

8) Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған тәртіпте Банктің коммерциялық, банктік және Қазақстан Республикасының заңнамаларымен қорғалатын басқа да ақпаратты жария ету жағдайлары:

а) Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған жағдайлар;

б) Банк қызметкерлерінің жария етуі;

в) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес және соның негіздері бойынша Банктің қызметін тексеруді іске асыратын тұлғалардың жария етуі;

г) контрагентке(-лерге) және өзге тұлғаларға, Банк осындай тұлғамен(-лармен) нысанасы аталған тұлғалардың Банктен алынған/алынатын ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеу туралы міндеттемелерді қабылдауы болып табылатын келісім(-дер) жасасқан жағдайда;

9) міндетті кепілдендіру жүйесінің қызметін қамтамасыз ету мақсатында банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпия ақпаратты «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-қа беруге³;

10) ұялы байланыс операторларына Клиенттің дербес деректерін жинауға, өңдеуге, сақтауға және таратуға электрондық, қағаз және кез келген өзге тасымалдағышта тіркелген (сақталатын) биометриялық деректерді қоса алғанда, сондай-ақ болашақта оларда болатын өзгерістер мен толықтырулар, сондай-ақ соңғылары қандай да бір сәйкес келмеген жағдайда нақтыланған және/немесе дұрыс/өзекті деректерді алу - оның ішінде Клиенттің дербес деректерін ұсынылатын қарыз бойынша құжаттар топтамасын жеткізуді жүзеге асыратын қызметкерлерге/Заңды тұлғалардың өкілдеріне-курьерлік компанияларға, ұялы байланыс операторларына, уәкілетті мемлекеттік органдарға және үшінші тұлғаларға беруге, бұған осындай тұлғалармен жасалған келісімдерге сәйкес аталған тұлғалардың міндеттері немесе құқықтары болған кезде тең болады.

Бұл келісім Банктің қызметтерін алуға байланысты мәмілелер жасау (шарттар жасасу және орындау) мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңына сәйкес заңды салдарлар туғызатын шешімдер қабылдау немесе өзге де әрекеттер жасау мақсатында беріледі.

8.6. Осы арқылы Клиент шарттар, шарттардың қосымша келісімдері бойынша, сондай-ақ заңнамаға және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес осындай дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындайтын өзге де жағдайларда Клиент дербес деректер субъектілерінен дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға беруге, оның ішінде Банкке, дербес деректерді Банктің өңдеуіне Дербес деректер субъектілерінің дербес деректерді жинауына және өңдеуіне, дербес деректерді трансшекаралық беруге келісімді алдын ала алғанын растайды.

8.7. Банк айқындайтын қажет болған жағдайда, Клиент Банкке Дербес деректер субъектілерінен Клиент жинаған дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға беруге, оның ішінде Банкке беруге, дербес деректерді Банктің өңдеуіне келісімдердің бар екендігіне құжаттамалық растауды ұсынады, ал келісімдердің бар екенін құжаттамалық растау мүмкін болмаған кезде мұндай келісімдерді жинайды, содан кейін Банкке оларды алғанын растайды.

8.8. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне келісімдердің болмағаны үшін жауапкершілік Клиентке жүктеледі. Дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін Банкке қандай да бір шаралар қолданылған жағдайда, Клиент Банктің талап етуі бойынша Банкке келтірілген кез келген шығындар мен залалдарды өтеуге міндеттенеді.

³Клиент - жеке кәсіпкерге, шаруа (фермер) қожалықтарына, жеке нотариуске, жеке сот орындаушысына, адвокатқа, кәсіби медиаторға қатынасында ғана қолданылады.

8.9. Осы арқылы Клиент тиісті шет мемлекеттің берілетін дербес деректердің қорғалуын қамтамасыз етуіне қарамастан, клиенттің/Клиенттің уәкілетті тұлғасының/Клиенттің дербес деректері банкке берілуі мүмкін басқа Дербес деректер субъектілерінің дербес деректерін трансшекаралық беруге Банкке өзінің сөзсіз келісімін береді.

8.10. Клиент шартқа қол қою арқылы Клиенттің Банк қызметкерімен телефон арқылы жүргізген келіссөздерін жазу Клиенттен ауызша хабарлама/өтініш түскен мазмұнның жеткілікті дәлелі болып табылатынына сөзсіз келіседі.



«ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған мобильді интернет-банкінг» жүйесін пайдалану арқылы клиенттердің
банктік шоттары бойынша операциялар жүргізудің жалпы талаптарына
ҚОСЫЛУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ⁴

Клиент толтырады

Өтініш берушінің атауы (бұдан әрі – Клиент):

(Клиенттің толық атауы)

Клиенттің ЖСН

KZT ағымдағы
шотының №

Клиенттің мекенжайы:

(Клиенттің заңды мекенжайы)

(Клиенттің нақты мекенжайы)

Осы арқылы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес, Клиент оған мәлім және Клиент үшін міндетті күші бар «Заңды тұлғаларға арналған интернет-банкінг және мобильді банкінг» жүйесін пайдалану арқылы клиенттердің банктік шоттары бойынша операциялар жүргізудің жалпы талаптарының (бұдан әрі – Жалпы талаптар) қолданыстағы редакциясына қосылады және Қазақстан Республикасы заңнамасының және «ForteBank» АҚ талаптарының негізінде «Заңды тұлғаларға арналған интернет-банкінг және мобильді банкінг» жүйесін пайдалану арқылы қызмет көрсетуді сұрайды.

Осы арқылы Клиент:

- www.forte.kz мекенжайы бойынша орналасқан «ForteBank» АҚ ресми сайтында жарияланған Жалпы талаптармен танысқанын, оның мәтінін түсінгенін, келісетінін және оларды орындауға міндеттелетінін;
- осы Өтініш «Заңды тұлғаларға арналған интернет-банкінг және мобильді банкінг» жүйесі арқылы Электронды банк қызметтерін көрсету туралы шарттың жасалу фактісін растайтын құжат болып табылатынын;
- осы Өтініштің негізінде «Заңды тұлғаларға арналған интернет-банкінг және мобильді банкінг» жүйесі арқылы Электронды банк қызметтерін көрсету туралы шартты жасау пайдасына қарай таңдау жасайтынын растайды.

Қол қойылды / Подписано: (Аты-жөні/ФИО)

Қол қойылған күні / Дата подписания: _____

Сертификаттың қолданылу мерзімінің аяқталатын күні ⁴ /

Дата истечения сертификата: _____



Өкімдік құжаттар процесі, № _____ өтінім. Құжатқа қол қойылған күн - _____ ж., уақыты _____

Процесс, заявка № _____. Дата подписания документа - _____. Время _____.

Заңды тұлғаларға арналған интернет-банкінг/«ForteBusiness»
интернет-банкінгі/ «ForteBusiness» заңды тұлғаларға арналған

⁴Мобильді интернет-банкінгте заңды тұлғаларға қызмет көрсету процесін техникалық жүзеге асыруды іске асырғанға дейін осы Жалпы талаптарда көрсетілген Сәйкестендіру, Аутентификациялау мен Мобильді интернет-банкінгі пайдаланудың тәртібі тек қана Клиент-жеке кәсіпкерге қолданылады.

⁴Өтініш ЭЦҚ арқылы қол қойлатын жағдайда көрсетіледі/Указывается в случае подписания заявления посредством ЭЦП.



**Клиенттің – жеке кәсіпкердің, шаруа (фермерлік) қожалығының, жеке нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың,
кәсіби медиатордың
САУАЛНАМАСЫ⁵**

Толық атауы	
ЖСН	

Заңды мекенжайы (тіркелген жері) (мемлекет, облыс, аудан, елді мекен (қала, ауыл және т.б.), көше, үйдің және пәтердің нөмірі)	
Нақты тұратын (орналасқан) мекенжайы (мемлекет, облыс, аудан, елді мекен (қала, ауыл және т.б.), көше, үйдің және пәтердің нөмірі)(<i>жоғарыда көрсетілгеннен өзгеше болса</i>)	
Байланыс телефонының нөмірі:	
Электронды пошта мекенжайы	

Осы сауалнамада көрсетілген деректердің шынайылығы үшін жауапкершілік Клиентке жүктеледі.

Қол қойылды / Подписано: (ФИО) Қол қойылған күні / Дата подписания: _____ Сертификаттың қолданылу мерзімінің аяқталатын күні ⁶ / Дата истечения сертификата: _____	
--	---

Өкімдік құжаттар процесі,

№ _____ өтінім. Құжатқа қол қойылған күн - _____ ж., уақыты _____
Процесс, заявка № _____. Дата подписания документа - _____. Время _____.

⁶Өтінішке ЭЦҚ арқылы қол қойған жағдайда көрсетіледі
Указывается в случае подписания заявления посредством ЭЦП